

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 17 наурыздағы N 323 қаулысы

"2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 желтоқсандағы Заңына, "Қазақстан Республикасының Үкіметі резервінің қаражатын пайдаланудың тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 18 қыркүйектегі N 1408 қаулысына сәйкес және Астана қаласы сотының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы шешімін және Астана қаласы сотының 2003 жылғы 2 қыркүйектегі ұйғарымын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне 2004 жылға арналған республикалық бюджетте сот шешімдері бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің орталық мемлекеттік органдардың және олардың аумақтық бөлімшелерінің міндеттемелерін өтеуге көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен Астана қаласы сотының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы "Алматықұрылыс" ашық акционерлік қоғамының пайдасына шығарылған шешімін орындау үшін 68302138 (алпыс сегіз миллион үш жүз екі мың бір жүз отыз сегіз) теңге, оның ішінде негізгі борыштың қалған сомасын өтеу үшін 64435979 (алпыс төрт миллион төрт жүз отыз бес мың тоғыз жүз жетпіс тоғыз) теңге және жергілікті бюджет кірісіне мемлекеттік баж төлеу үшін 3866159 (үш миллион сегіз жүз алпыс алты мың бір жүз елу тоғыз) теңге мөлшерінде қаражат бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі